

Пошанов Нурсултан Нурбаевичтің «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың құқықтық негіздері» тақырыбындағы 6D030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған докторлық диссертациясына ресми рецензенттің берген

СЫН ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы экологиялық құқық саласындағы өте өзекті мәселелердің біріне арналған. Диссертант зерттеу жұмысында қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың құқықтық негіздерін зерттеп, экологиялық бақылау мен қадағалаудың негізгі проблемалық жағдайлары бойынша пікірлерін жинақтаған.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына жолдауында әлемдегі Алтыншы сын-қатер – табиғи ресурстардың сарқылуын атап көрсетті. Президент өз сөзінде: «Жердің табиғи ресурстарының шектеулілігі, түгесілуі жағдайында адамзат тарихындағы теңдесі жоқ тұтынудың өсуі әр бағыттағы, келеңсіз де, оң да үдерістерді үдете түседі. Біздің еліміз бірқатар артықшылықтарға ие. Жаратқан бізге көп табиғи байлық сыйлаған. Басқа елдер мен халықтарға біздің ресурстарымыз қажет болады. Бізге өз табиғи байлықтарымызға деген көзқарасымызды ой елегінен өткізудің принципті маңызы бар. Біз оларды сатудан қазынамызға кіріс құя отырып, оларды дұрыс басқаруды, ең бастысы, еліміздің табиғи байлығын орнықты экономикалық өсуге барынша тиімді кіріктіруді үйренуіміз керек» деген болатын. Табиғи ресурстардың сарқылуы, олардың ұтымды пайдаланылмауы мәселесі біздің елімізде өткір өзекті мәселелердің бірі ретінде танылады.

Сондай-ақ, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 01 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму қазақстандық күн тәртібінің бірінші жоспарына шығады. Бұл мәселемен бүкіл өркениетті әлем айналысады. Бірқатар жүйелі мәселелерді шешуге арналған жаңа экологиялық кодекстің жобасы әзірленді. Парламенттен осы маңызды құжатты жыл соңына дейін қарап, қабылдауды сұраймын. Үкіметке экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі практикалық шараларды іске асыруға кірісуді тапсырамын. Биологиялық әртүрлілікті сақтау мен ұтымды пайдаланудың ұзақ мерзімді жоспарларын бекіту керек. Заңнамалық және нормативтік тұрғыдан Қазақстанның ұлттық парктері мен басқа да табиғи байлығын қорғап, осы салада құқық бұзушылық жасаған азаматтарды қылмыстық және әкімшілік қудалауды қатаңдату керек.

Өскелең ұрпақты мектептер мен жоғары оқу орындарында экологиялық тәрбиелеуге тиісті назар аудару қажет» деген болатын.

Елімізде соңғы кездері қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламалар мен Президент жолдауларында қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің кеңінен қарастырылуы аталған диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысында қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалау түсініктері, олардың бір-бірінен ерекшеліктері, қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылаудың түрлері, олардың жүзеге асырылу жолдары кеңінен қарастырылған. Сондай-ақ, аталған саладағы кездесіп жатқан мәселелерді шешу жолдарына қатысты бірнеше қорытындылар мен ұсыныстар келтірілген.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны - жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері жаңа ғылыми сипатқа ие екендігін көрсетеді. Ізденуші зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айтарлықтай тұжырымдаған, сондай-ақ, қазіргі заманғы теориялық және практикалық негіздерге сүйене отырып, төмендегідей маңызды нәтижелерге қол жеткізгендігін айтуға болады:

Бірінші нәтиже. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалау ұғымдарына қатысты көптеген ғалымдардың еңбектері мен тұжырымдарын зерделей келе, қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалау ұғымдарына авторлық анықтама ұсынылды;

Екінші нәтиже. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың мемлекеттік басқару функциясы ретіндегі орны мен ролі нақтыланды;

Үшінші нәтиже. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың қалыптасу тарихына зерттеу жүргізе келе, аталған органдардың қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді;

Төртінші нәтиже. Мемлекеттік экологиялық бақылау және оның қоршаған ортаны қорғаудағы маңыздылығына қатысты бірқатар теориялық тұжырымдар мен қорытындылар келтірілді;

Бесінші нәтиже. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы өндірістік экологиялық бақылау ұғымына, оны жүзеге асыру барысына және өндірістік экологиялық бақылау нәтижелеріне жүргізілген талдау нәтижелері бойынша аталған қызметті жетілдіруге қатысты бірқатар ұсыныстар келтірілді.

Ізденушінің диссертациялық зерттеу жұмысын жазу барысында қол жеткізілген нәтижелердің барлығы да ғылыми негізделген және практикалық қажеттілігі дәлелденген.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен жасаған ғылыми тұжырымдарының шынайылығы және негізделуі теориялық-әдіснамалық негізделуімен, жұмыстың ғылыми ақпаратының айқындығымен және мақсат пен міндеттердің қисындылығымен, тұжырымдарының деректік тұрғыда дәйектелуімен қамтамасыз етілген.

Бірінші нәтиже. Негізді, әрі шынайы. Өйткені, қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалау ұғымдарына қатысты көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері мен тұжырымдарын, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаларды зерттеу, талдау нәтижесінде алынған.

Екінші нәтиже. Негізді, әрі шынайы. Өйткені, қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың мемлекеттік басқару функциясы ретіндегі орны мен ролін анықтауға арналған монографиялық зерттеулерді, ғылыми әдебиеттерді, қазіргі кездегі қолданыстағы заңнамаларды зерттеу, талдау нәтижесінде алынған.

Үшінші нәтиже. Негізді, әрі шынайы. Себебі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың қалыптасу тарихына, аталған органдардың құрылуы мен олардың қызметін ұйымдастыру бойынша жасалған заңнамалық реформаларға зерттеу, талдау жүргізу нәтижесінде алынған.

Төртінші нәтиже. Негізді, әрі шынайы. Себебі, мемлекеттік экологиялық бақылауға қатысты отандық және ТМД елдері ғалымдарының іргелі ғылыми еңбектері мен зерттеулеріне, оқулықтар мен қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамалары мен құқықтық құжаттарға жүргізілген зерттеу және талдау жұмыстары нәтижесінде алынған.

Бесінші нәтиже. Негізді, әрі шынайы. Өйткені, өндірістік экологиялық бақылауға қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, Қоршаған ортаның жай-күйі туралы Ұлттық баяндамаларды, мемлекеттік органдардан алынған статистикалық мәліметтерді зерттеу және талдау нәтижесінде алынған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші нәтиже – ішінара жаңа болып табылады. Өйткені, қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалау мәселелері бұған дейін зерттелген болатын. Бірақ та, ізденуші қазіргі кезде біздің еліміздің дамуында орын алып жатқан жаңаша үдерістерді ескере отырып, «экологиялық бақылау» және «экологиялық қадағалау» түсініктеріне жаңа авторлық анықтама беруге талпынған.

Екінші нәтиже – жаңа болып табылады. Себебі, ізденуші қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалауды экологиялық аудит, экологиялық мониторинг және экологиялық сараптама

сияқты институттармен салыстыра отырып, мемлекеттік басқару функциясы ретіндегі орны мен ролін анықтап, нақты қорытындылар жасаған.

Үшінші нәтиже – ішінара жаңа болып табылады. Өйткені, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың қалыптасу тарихына, аталған органдардың құрылуы мен олардың қызметін ұйымдастыру бойынша жасалған заңнамалық реформаларға зерттеу, талдау жүргізу нәтижесінде жаңа ұсыныстар жасаған.

Төртінші нәтиже – жаңа болып табылады. Яғни, мемлекеттік экологиялық бақылау және оның қоршаған ортаны қорғаудағы маңыздылығына қатысты бірқатар теориялық тұжырымдар мен қорытындылар келтіре отырып, мемлекеттік экологиялық бақылау ұғымының мәнін ашу үшін жүйелік тәсіл тұрғысынан түсіндіруге талпыныс жасаған.

Бесінші нәтиже – жаңа болып табылады. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне жаңадан өндірістік экологиялық бақылаудың түсінігін, анықтамасын көрсететін бап енгізу ұсынылған.

5. Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыс – қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзекті теориялық және практикалық мәселелердің жаңа шешімдерін кешенді түрде қамтитын, ішкі бірлігімен сипатталатын аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаттары мен міндеттерін негізге ала отырып, бай деректік материалдар негізінде жасалған тұжырымдар мен қорытындылардан алынған нәтижелерді заң жобаларын дайындау және қоршаған табиғи ортаны қорғауға қатысты жобаларда қолдануға болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Барлық ғылыми нәтижелер бойынша ашық баспада 13 ғылыми мақалалары жарық көрген. Олардың 3-і халықаралық конференцияларда, соның ішінде 2-і шетелдік конференцияларда, сондай-ақ, 8-і ҚР БЖҒМ білім саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған басылымдарда және 2-і Scopus базасына енген шетелдік ғылыми журналдарда жарық көрген.

3 мақала - Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланды:

1. «Concept of environmental control and supervision» // «Science and practice: a new level of integration in the modern world» Materials of the 3rd International Conference. ISBN-10:1-941655-48-3 Sheffield, UK. March 5, 2017, p. 9-12.

2. «Environmental control and supervision as a function of public administration» // «Modern jurisprudence: Legal thought and enforcement

practice» Materials of the 5th International Conference. ISBN 978-1-941655-62-7 Sheffield, UK. November 10, 2017, p. 41-52.

3. «Экологиялық бақылау мен қадағалаудың мемлекеттік басқару функциясы ретінде қалыптасуы» // «XXI ғасырдағы ғылым және білім» атты I халықаралық ғылыми-тәжірибелік интернет конференция жинағы. ISBN 978-601-301-389-3. –Астана, –2018, 233-236 б.б.

8 мақала - ҚР БҒМ-нің ғылым және білім саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған журналдарда жарияланды:

1. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылаудың маңыздылығы» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми көпшілік журналы. Заң сериясы. – Астана. – 2017. – №3 (46). – 136-138 б.б.

2. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылаудың түрлері» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми көпшілік журналы. Заң сериясы. – Астана. – 2017. – №6 (50). – 219-221 б.б.

3. «Экологиялық бақылау мен қадағалаудың кейбір мәселелері» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми көпшілік журналы. Заң сериясы. – Астана. – 2018. – №2/1 (56). – 110-112 б.б.

4. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы өндірістік экологиялық бақылауды жетілдірудің кейбір мәселелері» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналы. – 2020. – № 2/2 – 88-95 б.б.

5. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық экологиялық бақылауды жетілдірудің кейбір мәселелері» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналы. – 2020. – № 2/2 – 96-100 б.б.

6. «Мемлекеттік экологиялық бақылауды жетілдірудің ұйымдық құқықтық мәселелері» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналы. – 2020. – № 5/6 –69-73 б.б.

7. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қалыптасу тарихы» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналы. – 2020. – № 5/6 –57-62 б.б.

8. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жетілдірудің кейбір мәселелері» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналы. – 2020. – № 5/6 –63-68 б.б.

2 мақала - Scopus деректер базасында тіркелген және индекстелетін журналдарда жарияланды:

1. «Comparative Analysis of Existing Environmental Control in the Republic of Kazakhstan and Foreign Countries» // «Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues» (ISSN: 1544-0036) 2018, Volume 21, Issue 1, p. 1-7.

2. «Features of Compensation for Damage Caused to Natural Resources in Kazakhstan» // «Journal of Advanced Research in Law and Economics» (ISSN: 2068-696X) 2018, Volume IX, Issue 4(34) p. 1169-1175.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертация жоғары бағаға лайықты, дегенмен бірлі-жарымды ұсыныстарды талап етеді:

1) Жұмыста қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық қадағалау мәселесі туралы көбірек мәліметтер келтіргенде, аталған бөлім мазмұнының құндылығы одан әрі арта түсетін еді.

2) Зерттеу жұмысының мәтінінде кіші-гірім техникалық қателіктер кездеседі.

Жоғарыда келтірілген ескертулер мен ұсыныстар диссертациялық зерттеу жұмысының құндылығын, мәнін және ғылыми маңыздылығын төмендетпейді, тек қана ұсыныстық сипатта болып табылады.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертацияның алға қойған міндеттері шешімін тауып, мақсаты орындалған. Жұмыста қазіргі заманғы талаптарға сай келетін теориялық және практикалық маңызы жоғары мәселелер ғылыми шешімін тапқан.

Аталған диссертация диссертациялық жұмысты рәсімдеу талаптарына сай жазылған. Ғылыми зерттеу нәтижелері мен ұсыныстары негізді, әрі дәйекті.

Ізденуші Пошанов Нурсултан Нурбаевичтің «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы жоғары бағаға лайықты және 6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университеті

Кеден, қаржы және экологиялық

құқық кафедрасының доценті,

заң ғылымдарының докторы

Е.Ш. Рахметов

